



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.


The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015



1-сурет. «Информатика әлемі» сайтының басты беті

Мен жоғарыда келтірілген ережелер мен сайт құруға қойылған талаптарды ескере отырып, Joomla-ның көмегімен «Информатика әлемі» Web сайтын жасаудамын. Бұл сайтта информатика ғылымына байланысты толық ақпараттар жинағын орналастырамын. Web-сайт дизайны әртүрлі стильде жасалуда.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Шапошников И.В. Интернет-программирование –СПб. : БХВ – Санкт-Петербург,2013.
2. Веллингтон Л., Томпсон Л. Разработка Истории интернета
3. Рэндал Шварц, Том Кристиансен. Электронный справочник с удобной навигацией

ӘОК: 004.45

#### WINDOWS 8 АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Әбілқаир Айгерим Нұрғалиқызы**  
[aigera.flower@mail.ru](mailto:aigera.flower@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Инфб-41к студенті  
 ғылыми жетекшісі - Давлетова А.Х., п.ғ.к., академик ХАА

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында Республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің негізгі даму басымдықтарын атап көрсетті. Қол жеткен нәтижелер – Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің қатарына қосылуына мүмкіндік туғызатыны анық.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады [1].

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде. Бұл үдеріс білімнің жаңа аймақтарына енудің қажеттілігі мен оны жеке тұлғаның толық көлемде меңгеруінің қиыншылықтары арасындағы қарама-қайшылықтары ретінде белең алып отыр. Осыған орай, бүгінгі ғаламдық білім беру

кеңістігіне сай білім беру, танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, болашақ мұғалімнің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өркендеуінің көшбасшысы бола алады. Білім саясатының өзекті мәселелері –біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Оқу процесінде компьютерлік технологиялардың элементтерін енгізудің алғашқы буыны электронды оқулық дайындау болып табылады. Мұғалім электронды оқулық сатыларын дайындауда айқын әдістемелік тәсілдер қабылдау қажет. Электронды оқулықты оқу тәжірибиесінде қолдана отырып, оларды енгізудегі нәтижені алады және бағалайды. Сондықтан жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландырып, кәсіптік біліктілігін дамытып, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасап, іскер және құзіретті, электронды оқулық сатыларын дайындай білетін маман дайындау. Ақпараттық–компьютерлік негізде электронды оқулық сатыларын дайындау үшін оларда ең алдымен практикалық іс - әрекет барысында пайда болатын мәселелерді формальды сипаттау дағдыларын, яғни ақпараттық-компьютерлік әдістері туралы кәсіби білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру қажет. Сонымен бірге негізгі алгоритмдік құрылымдарды, бағдарламалау технологияларын білу, ЭЕМ-мен, оның құрылғыларымен, ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істеу[3].

Ақпараттық проблеманың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты және бұл проблемаларды техникалық құралдармен де, жеке адамның, топтасқан қауымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де шешуге болады.

Windows 8-де ақпараттық анықтамалық жүйесін құру. Болашақ информатика, математика, физика пәндері мұғалімдерін ақпараттық-компьютерлік негізде оқыту арқылы электрондық оқулықты дайындауды және қолдануды кәсіби психологиялық-педагогикалық тұрғыда теориялық негіздеу, оның әдістемелік жүйесін даярлау.

Ақпараттық-компьютерлік негізде кәсіби электронды оқулық сатыларын дайындаудың теориялық негізі анықталып, кәсіби электронды оқулық сатыларын дайындау әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда негізделсе, онда олардың кәсіби дайындық үдерісінің тиімділігі артады.[2]

Егер, ақпараттық-компьютерлік негізде кәсіби электронды оқулық сатыларын дайындаудың теориялық негізі анықталып, кәсіби электронды оқулық сатыларын дайындау әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда негізделсе, онда олардың кәсіби дайындық үдерісінің тиімділігі артады.

ҚР үкіметінің ресми материалдары; Білім және ғылым министрлігінің жоғары мектептің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (стандарттар, типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.); Қазақстан Республикасы жоғары міндетті кәсіптік білім беру бағдарламалары; кәсіптік тәжірибеден өту кезіндегі материалдар; Windows 8 операциялық жүйесінің ақпараттық анықтамалық жүйелері мәліметтері.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту процесін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық вариантқа аудару қажет. Электрондық оқулықтың мазмұны оқушының интеллектуалды ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б. Электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады. Осы уақытқа

дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы программалар қолданылып келді. Бұл программалар оқушының өздігінен оқып-үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.[4]

Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графикалық ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды.

### **Windows анықтама жүйесі**

Windows-тағы анықтама жүйесі қолданушыға амалдық жүйемен жұмыс істеу жөнінде туындайтын сұрақтардың көпшілігі бойынша анықтама беру қызметі болып табылады. Оның құрылымы жүйелі, тілдесуі өте ыңғайлы.

Windows анықтама жүйесіне бірнеше тәсілмен жүгінуге болады:

- < Windows >+<F1> пернелер тіркесімі көмегімен;
- Бас мәзірдің Анықтама және қолдау (Windows XP амалдық жүйесінде) немесе Анықтама (Windows өзге нұсқаларында) тармағын таңдау арқылы;
- Амалдық жүйенің қандай да бір құрамдас бөлігі терезесінің мәзірінен Анықтама – Анықтама және қолдау орталығы немесе Анықтама – Анықтаманы шақыру әмірін таңдау. Қосымша терезесі мәзірінен Анықтама > Бұл не? әмірін таңдау.

Сұхбат терезелерінде мәтінмәндік анықтамаға жүгіну тәсілі: терезе тақырыбындағы «?» анықтаманы шақыру батырмасын шерту. Бұл әмір орындалып жатқан кезде тінтуір көрсеткіші «?» пішіміне енеді. Оны терезенің сұрақ туындатқан нысан орналасқан тұсына апарып, тінтуір пернесімен шерту қажет.

Windows 8 амалдық жүйесінің «Анықтама және қолдау орталығы» терезесі (-сурет) құрылымы және анықтама алу тәсілі жағынан Windows-тың алдыңғы нұсқаларындағы анықтама жүйесі терезесінің классикалық пішімінен ерекшеленеді.

Құралдар үстелінде анықтама жүйесін басқару батырмалары орналасқан.

Қажетті анықтама жүйесін жылдам іздеу үшін терезеде Іздеу енгізу өрісі бар. Онда өзіңізді қызықтыратын терминді енгізу қажет. Көрсеткіші бар жасыл батырманы басқаннан кейін жүйе ұқсас тақырыптар тізімінде іздеу нәтижелерін шығарады.

Нақты атауды не терминді іздеу кезінде құралдар үстеліндегі Көрсеткіш тармағын қолданыңыз, ол қажетті бөлімге немесе қор көзіне өтудің жылдам да қарапайым тәсілі болып табылады.

Windows-тағы анықтама жүйесі қолданушыға амалдық жүйемен жұмыс істеу жөнінде туындайтын сұрақтардың көпшілігі бойынша анықтама беру қызметі болып табылады. Оның құрылымы жүйелі, тілдесуі өте ыңғайлы.

Анықтамамен жұмыс істеу

Windows жүйесінің анықтамалығы ашылып тұрған қосымша программа немесе бума терезесі ішінде-ақ көмек бере алады. Бірақ бұл көмек тек терезе объектілерін ғана қамтиды. Ағымдағы терезе объектілері туралы анықтамалық мағлұматты былай да алуға болады:

- тышқан курсорын керекті объектіге жеткізіліп, оң жақ батырманы шерту;
- сұрақ белгісі бар меню пунктін басу арқылы;
- F1 пернесі арқылы.

Керекті көмекті алып болған соң, негізгі программаға қайту үшін анықтамалық терезені жабу қажет.

### **Жұмыс үстелі және тапсырмалар диспетчері**

Бұрынғы жүйелерде біздің көзіміз үйренген жүйелік бағдарламалардың барлығы енді өз алдына жеке бағдарлама ретінде ашылады.





Осы шолудың басынан бері айтылып келе жатқандай, Бастапқы экран арқылы өзімізге үйреншікті “Жұмыс үстелінің” өзін қатардағы бағдарлама секілді ашамыз. Windows 8 бен Windows 7-нің жұмыс үстелінде пәлендей айырмашылық жоқ. Тек біз қазір шолу жасап отырған жүйеде Пуск батырмасы жоқ.

### **Пуск менюі**

Пуск батырмасының, онымен қоса оның ішіндегі барлық ішкі менюлер “жоғалып” кеткендігі туралы айтылды. Экранның көз жететін жерінде бұл батырма жоқ болғанымен де курсорды экранның төменгі сол жақ бұрышына апарсаңыз, Windows 8-дің стиліндегі Пуск батырмасын көре аласыз. Ол арқылы сіз Бастапқы экранға өте аласыз. Ендеше Бастапқы экрандағы стандартты кірпіштерді түгел өшіріп (қалауыңыз бойынша қажетті бағдарламаларды қалдырсаңыз да болады), оларды қорнына қажетті бағдарламаларды Бастапқы экранға шығарп қойсаңыз болады. Сол кезде сіз іздеген үйреншікті Пуск менюінің жаңартылған нұсқасына тап келгендей боласыз.

Office 365 немесе Exchange жүйесіне негізделген электрондық поштаны Windows 8 пошта жүйесінде орнатыңыз

Электрондық пошта мекенжайы мен құпия сөзді қолдану арқылы Office 365 немесе Exchange жүйесіне негізделген электрондық пошта тіркелгісіне кіру үшін пошта, Windows 8 пошта бағдарламасын қолдануға болады. Windows 8 пошта бағдарламасы Windows 8 және Windows RT жүйелеріне енгізілген.

Маңызды Windows 8 пошта бағдарламасын қолдану үшін Microsoft тіркелгісі қажет. Сіздің Microsoft тіркелгіңіз Hotmail, Messenger, SkyDrive, Windows Phone және Xbox LIVE немесе Outlook.com секілді қызметтерге кіру үшін қолданылатын электрондық пошта мекенжайы мен құпия сөздердің жиынтығы болып табылады.

- Егер Windows жүйесіне Microsoft тіркелгісін қолданып кірсеңіз, Windows 8 пошта бағдарламасы электрондық пошта тіркелгілерін алғаш рет ашқанда соны қосу үшін дайын болып тұрады.

- Егер Windows жүйесіне Microsoft тіркелгісін қолданып кірмесеңіз, Windows пошта бағдарламаны алғаш рет іске қосқанда Windows 8 пошта бағдарламасына Microsoft тіркелгісінің ақпаратын қосуыңызды сұрайды.


Microsoft тіркелгілері, жалпы Windows 8 пошта немесе Office 365 немесе басқа да Exchange жүйесіне негізделген электрондық пошта тіркелгілері емес тіркелгіге қалай қосылу керектігі туралы ақпаратты алу үшін Тағы нені білуім қажет? бөлімін қараңыз.

Электрондық пошта тіркелгісін Windows 8 пошта бағдарламасына қосу  
Windows 8 пошта бағдарламасының параметрлерін көру немесе өзгерту  
Тағы нені білуім қажет?

Электрондық пошта тіркелгісін Windows 8 пошта бағдарламасына қосу


Office 365 немесе Exchange жүйесіне негізделген электрондық пошта тіркелгісін орнату үшін осы процедураны қолданыңыз. Microsoft тіркелгісімен бірге Windows немесе Windows 8 пошта жүйесіне кірсеңіз де, кірмеген болсаңыз да, осы процедураны қолданыңыз.

1 Бастау параметрінен Пошта белгішесін таңдаңыз.



2. Егер іске қосқан кезде пошта Microsoft тіркелгісін қосу бетін көрсетсе, Windows 8 пошта жүйесіне Microsoft тіркелгісін қолданып кіру қажет. Microsoft тіркелгіңіз үшін электрондық пошта мекенжайы мен құпия сөзді теріп, содан кейін Сақтау түймешігін басыңыз. Егер сізде Microsoft тіркелгісі болмаса, Microsoft тіркелгісі үшін тіркелу пәрменін таңдаңыз.

Ескерім: Егер пошта іске қосылғанда, Microsoft тіркелгісін қосу беті көрінбесе, онда сіз Microsoft тіркелгісін қолданып Windows немесе Windows 8 пошта жүйесіне кіріп қойғансыз. Келесі қадамға өтіңіз.




3. Егер бастағанда, пошта Электрондық пошта тіркелгілерін қосу тізімін көрсетсе, пошта жүйесінде алғаш тіркелгіні орнату үшін Outlook параметрін таңдаңыз. Содан кейін 5-қадамға өтіңіз.




4. Егер пошта сіз алдында бастағанда орнатқан тіркелгіден электрондық поштаны көрсетсе, келесі әрекеттерді орындаңыз:


1. Егер сенсорлық құрылғыны қолданып жатсаңыз, экранның оң жақ шетінен айналдырыңыз да, Параметрлер пәрменін таңдаңыз. Тінтуірді қолданатын болсаңыз, көрсеткішті экранның оң жақ төменгі бұрышына апарып, Параметрлер түймешігін басыңыз.



2. Параметрлер мәзірінен Тіркелгілер > Тіркелгіні қосу > Outlook тармағын таңдаңыз.



5. Outlook тіркелгісін қосу бетінде қосқыңыз келетін электрондық пошта тіркелгісі үшін электрондық пошта мекенжайы мен құпия сөзді теріңіз және Қосу пәрменін басыңыз. Пошта электрондық пошта сервері параметрлерін табу үшін онлайн режимінде іздеу жүргізеді.



6. Егер "Сіздің электрондық пошта тіркелгіңіз сәтті конфигурацияланды" хабары көрінсе, Дайын түймешігін басыңыз. Егер Дербес компьютерімді қауіпсіз ету, атты хабар көрінсе, хабарды оқыңыз да, Осы ережелерді қамтамасыз ету пәрменін таңдаңыз.

Ескерім Егер пошта тіркелгіңізді орната алмаса, Қосымша тағы не білуім қажет? анықтамасын қараңыз.

Windows 8 пошта бағдарламасының параметрлерін көру немесе өзгерту

Windows 8 пошта бағдарламасы әдепкі параметрлер арқылы тіркелгіңізді реттейді. Әдепкі параметрлер қолданатын тіркелгіңіздің түріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Тіркелгілердің көбі параметрлерді өзгертуге мүмкіндік береді.

Параметрлерге кіру үшін сенсорлық құрылғы қолданып жатсаңыз, экранның оң жақ шетінен айналдырыңыз да, Параметрлер > Тіркелгілер тармағын таңдап, тіркелгіні басыңыз. Тінтуірді қолданатын болсаңыз, көрсеткішті экранның оң жақ төменгі бұрышына апарып, Параметрлер > Тіркелгілер тармағын таңдап, тіркелгіні басыңыз.

Қазіргі заманғы жаңа технологияларды, оның ішіндегі электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың ақпаратпен жұмыс істей білуін қалыптастырады.

Оқушылар үшін электрондық оқулық – ол өзінің мектеп қабырғасында жүрген жылдарында өздігінен білімін толықтырып отыруға және мақсатты түрде бітіру емтихандарына дайындауға мүмкіндік беретін ақпарат көзі. Ал мұғалімдер үшін ол өзінің педагогикалық тәжірибесі арқылы толықтырып және дамытып отыруға болатын ашық әдістемелік жүйе[4]

Электрондық оқулықтармен оқыту жүйесінің сапасын арттырумен қатар бірқатар пайдалы жақтары бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы
3. Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы.
4. Информатика (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты) Алматы, 2006 ж.